

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 9 ақпандағы № А-2/31 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 наурызда № 5808 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, " Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сандықтау ауданы әкімінің орынбасары Г.Е . Кадыроваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады

Сандықтау ауданының әкімі

А.Исмағамбетов

Сандықтау ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 9 ақпандағы
№ А-2/31 қаулысымен
бекітілген

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі білім беру	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір айға арналған жан басына	Бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы бір айға арналған
-----------------------------	---	--	--	---

ұйымының түрі	тәрбиеленушілер саны		шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)		шығындардың орташа құны (теңге)		ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)	
	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
"Ер-Төстік" бөбекжай – бала – бақшасы	120	0	31229	0	31229	0	10500	0
"Мирас" бала-бақшасы	147	0	24461	0	24461	0	10500	0
Балалар толық күн болатын шағын орталық	265	0	16740	0	16740	0	10500	0
Балалар жарты күн болатын шағын орталық	229	0	9994	0	9994	0	5500	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ